

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, сельскохозяйственная кооперация, малые формы хозяйствования, производственный, сельскохозяйственный кооператив, государственная поддержка, племенной скот, товаропроизводитель, потребитель.

Аталған мәселені есепке алмағанның өзінде, өңдеу кәсіпорындары үшін жұртшылық шаруашылықтары өндіретін өнім «шартты өнім» секілді. Өндеуші кәсіпорындар

Елімізде шет мемлекеттердің озық тәжірибесі мен аграрлық сектордың қалыптасқан ерекшеліктерін ескере отырып, кооперацияны дамыту мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулер, тәжірибелі мамандардың ұсыныстары, осы бағыттағы пікірталастар мен нормативтік құжаттар (бағдарламалар) жеткілікті. Атап айтқанда, шаруашылық жүргізудің шағын формаларын дамыту мәселелері, оларды ауылшаруашылық кооперативтеріне біріктірудің қажеттілігі мен оның шағын фермерлер үшін артықшылықтары, осы саланы терең зерттеп жүрген, ҚР «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Зақон дайындаушылардың бірі Г.У. Акимбақованың зерттеулерінде жан-жақты талданған [2,3]. Аграрлық экономика саласындағы белгілі ғалым А.Б. Молдашев аграрлық экономиканың қалыптасқан жай-күйін талдай келе, Қазақстан аграрлық саясатындағы

басым бағыттардың бірі ауылшаруашылық кооперациясы екендігі туралы тұжырым жасайды [4].

Соңғы 15-20 жылда ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметін ұйымдастыру мен жандандыруға бірнеше қадамдар жасалды, олардың қызметі 05.10.1995 ж. қабылданған «Өндірістік кооператив туралы»; 21.07.1999 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы» (күші жойылған); 25.12.2000 ж. қабылданған «Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы» (күші жойылған) және 08.04.2003 ж. қабылданған «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» (күші жойылған) Заңдармен реттелді.

Оған қоса, 2015 ж қазанда «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» ҚР Заңы қабылданғанға дейін ауылдық кооперацияны дамытуды мемлекеттік қолдаудың екі үлгісі: «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы ауылдық тұтыну кооперативтерін құруға 5-7 жылға 5%-бен жеңілдетілген несие беру және «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК» АҚ өңірлік желілері («Оңтүстік», «Жетісу», «Ертіс», «Тобыл», «Батыс», «Сарыарқа», «Каспий») арқылы ауылдық тұтыну кооперативтеріне аграрлық сервистік қызмет ұсыну бойынша сервистік-дайындау орталықтарын құру жолымен қолданылып келді.

Алайда, аталған заңдар мен мемлекеттік қолдау тетіктерінің әрекет етуі барысында кооперативтер санының қарқынды өсуі байқалмады. Республика бойынша өндірістік кооперативтердің басым көпшілігі тиімсіз болды. Нәтижесінде кооперативтердің саны соңғы 10-15 жылда 2 есеге дейін азайды.

2016 ж 1 қаңтарына республика бойынша кооперативтер саны ауыл шаруашылығы құрылымдарының жалпы санының 1,7% үлесін ғана құрады. Тіркелген ауылдық тұтыну кооперативтері – 1545, су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативтері – 346 және өндірістік кооперативтер саны – 1473 бірлікті құрады. Өндірістік кооперативтердің басым көпшілігі Оңтүстік Қазақстан облысында (1006), Ақмола облысында (15), Солтүстік Қазақстан облысында (13) және Павлодар облысында (5) тіркелген.

Жекелеген ауылдық тұтыну кооперативтері өз кезегінде мүшелікке енген шаруаларды қолдау жағдайларын тиісті деңгейде орындай алмай, нәтижесінде фермерлердің кооператив құрамынан шығуы байқалды.

Тұтынушы кооперативтер құрамына енген шаруа қожалықтарының үлесі 1,5%-дан аспады, ал дамыған батыс елдерінде, әсіресе, Германия фермерлік шаруашылықтарында бұл көрсеткіш 80-100%-ға дейін жетеді. Германия фермерлерінің кооператив мүшелігіндегі тәжірибесінің жоғары нәти-

желілігі мен тиімділігі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының өзінде айқын байқалған.

Жоғарыда келтірілген, қолданыста болған тұтыну кооперативтері туралы заңдар мен мемлекеттік шаралардың ауылдық кооперацияның тиісті деңгейде дамуын тежеген (тежеп отырған) негізгі кемшіліктері мен кедергілері ретінде:

- жекешелендірудің бастапқы жылдары құрылған алғашқы өндірістік кооперативтердің көпшілігінің зиянды қызметінің салдарынан ауыл шаруашылық тауар өндірушілері мен ауыл тұрғындарының кооперативтендірудің артықшылықтары мен болашағына, оны ұйымдастырушылардың мақсатына сенімсіздікпен қарауын;

- кооперативтерді ұйымдастыратын, оның қызметін басқаратын басқару персоналының, ауыл кәсіпкерлерінің жетіспеушілігі мен кәсіби дайындығының төмендігін;

- кооперативтерге негізгі қызметпен айналысу үшін емес, жеңілдетілген несие алу мақсатында ғана бірігу жағдайларының жиілеуін;

- тұтыну кооперативтерінің барлық түрлері коммерциялық емес ұйымдар болды, нәтижесінде кооперативтің таза пайдасын оның мүшелері арасында бөлу мүмкіндігінің болмауын;

- кооперацияның негізгі қағидаларының бұзылуы, атап айтқанда 1 мүше = 1 дауыс және басқаларын;

- тұтыну кооперативтерінің барлығының бірдей мемлекеттік қолдау шараларын, арнаулы салық тәртібін пайдалана алмауын;

- шаруа қожалықтарының және басқа жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тұтыну кооперативтеріне ерікті бірігуін ынталандыру жағдайларының қарастырылмауын атап өтуге болады.

Дегенмен, аталған кемшіліктер мен кедергілерге қарамастан, қалыптасқан жағдайда тиімді әрекет етіп отырған кооперативтер де жоқ емес.

Атап айтсақ, еліміздің негізгі аграрлық өңірлерінің бірі Ақмола облысындағы ауылшаруашылық тұтыну кооперативтерінің басым көпшілігі асыл тұқымды мал шаруашылығын қайта өркендету мақсатында құрылған. Мұндай тұтыну кооперативтері облыс бойынша Сандықтау (39), Жарқайың (15), Есіл (14), Зеренді (10), Ерейментау, Астрахан аудандарында құрылды.

Сандықтау ауданында «Балқаш асыл тұқымды мал зауыты», Ерейментау ауданында «Ажар», Астрахан ауданында «Жалтыр-1» т.б. тұтыну кооперативтері жұмыс істеуде. Асыл тұқымды мал шаруашылығы бағытындағы тұтыну кооперативтеріне шаруа қожалықтарымен бірге ауыл тұрғындарының бірігуі байқалады.

Тұтынушы кооператив әр ұрықтандырылған асыл тұқымды мал басына субсидия алады; аналық малдардан асыл тұқымды төл алынады; 160 кг салмақтағы жас мал бордақылау алаңдарына семіртуге қойылады; 2 жыл өткеннен кейін бұқалар ет комбинатына өткізіледі; бордақылау алаңдарының іске қосылғаннан кейін шаруа қожалықтары мен ауыл тұрғындарының малды басқа аймақтарға тасымалдауы кеміді.

Республикамыздың басқа аймақтары сияқты шашыраңқы орналасқан шаруашылықтардан сүтті жинау мен тасымалдау шығындарының жоғары, сапасының төмен болуына байланысты облыстың жұртшылық шаруашылықтарында өндірілетін сүтке өңдеушілер тарапынан сұраныс та аз бағасы да ойдағыдай емес. Қалыптасқан жағдайда сүт өңдеуші кәсіпорындар Ресей мен Беларусь мемлекетінен импортталған сүт ұнтағынан өнім өндіруге мәжбүр (әсіресе, қыс мезгілінде).

Аталған мәселелерді шешу мақсатында «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» АҚ арқылы шағын бизнес субъектілеріне жаңа сауылған сүтті қабылдау пункттерінің құрылысын салуға және қондырғыларын сатып алуға қаржылық қолдау көрсетіледі. Қабылдау пункті жобасының құны шамамен 3 млн. тңг және 4 жылға 7% мөлшерлемесімен беру қарастырылған. Жобаға қойылатын негізгі талап – 50 м² аумақтағы ғимараттың болуы. Сүт қабылдау пунктінің ғимараты мен сатып алынатын қондырғылар кепілдікке қойылады. Сонымен бірге, 2015 ж 1 қаңтарынан бастап ҚР Салық кодексіне енгізілген өзгертулерде ауыл тұрғындарынан сатып алынатын сүтке қосымша құн салығын бюджет есебінен өңдеушілерге қайтару арқылы сүт бағасын 12%-ға көтеру қарастырылған. Және кооперативке кірген шаруа қожалықтары қосымша құн салығын 30% төлесе, басқа қожалықтар аталған салық түрін 100% төлейді.

2016 ж. 1 қаңтарынан ауыл шаруашылығы үшін революциялық дерлік ҚР «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңы (29.10.2015 ж.) күшіне енді. Осы заңның қолданысқа енгізілуіне байланысты «Өндірістік кооператив туралы» Заңнан басқа жоғарыда аталған барлық заңдар өз күшін жойды.

ҚР «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңын әзірлеудің қажеттілігі осыған дейін де мемлекеттік бағдарламаларда негізделген болатын, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауында агроөнеркәсіп саласында «Ауыл шаруашылығында бизнестің дамуына, фермерлер кооперациясы үдерісіне, жерді тиімді

пайдалануға бөгет жасайтын барлық кедергіні жою» міндеті қойылған;

2) ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 6 тамыздағы кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің әралуандығы мен ұсақ тауарлылығы мәселелерін шешуге бағытталған ҚР «Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы» Заң жобасын әзірлеу тапсырмасын берген;

3) «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 60-қадамына сәйкес: «Сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін стратегиялық инвесторлар тарту. Негізгі міндет: үш жыл ішінде ТМД елдері нарығына шығарылатын өнімдерінің жартысына дейінгі экспортын қамтамасыз ету. Жұмыс селода кооперативтік өндірісті дамыту арқылы жаңазеландиялық Fonterra және даниялық Arla үлгісімен ұйымдастырылатын болады».

Анықтама үшін айта кетсек: Fonterra – әлемдегі ең ірі сүт компаниясы, 2001 жылы құрылған жаңазеландиялық сүт кооперативтінің құрамына 11 000 нан аса ұсақ және орта фермерлер кіреді, жыл ішіндегі өңдейтін сүт көлемі 21,6 млн. т, тауар айналымы 18 млрд. долл шамасында; Arla Foods Швеция мен Данияның 10600 сүт өндірушісіне тиесілі кооператив, жыл ішіндегі өңдейтін сүт көлемі 12 млн. т, тауар айналымы 12 млрд. долл шамасында.

Аталған заңға алдыңғы заңдарда орын алған кемшіліктерді ескере отырып біршама өзгерістер енгізілген. Өндірістік және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің салыстырмалы сипаттамасы 1-кестеде келтірілген.

1-кестеде сипатталған салыстырулар негізінде «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» ҚР Заңының мынандай артықшылық тұстарын атап өтуге болады:

– кооператив құрамына шағын кәсіпкерлік субъектілерінің (қожалықтар, серіктестіктер, жеке үй шаруашылықтары т.б.) жеке кәсіпкерлігін сақтай отырып өзара бірігуін қолдау мүмкіндіктері болады;

– кооператив мүшелерінің қызмет түрлеріне байланысты бірнеше кооперативке мүше болу мүмкіндігі туады;

– ауыл шаруашылығы өндірісі мен сервистік қызмет көрсету бағыттары қатар жүргізіледі;

– кооперативке бірігу және ірілену нәтижесінде шаруа қожалықтары мен жеке үй шаруашылықтарының дамуына жағдай жасалады;

– қожалықтар мен ауылдық жеке кәсіпкерлігін дамыту арқылы жаңа жұмыс орындары пайда болады;

– селекциялық-асылтұқымды жұмыстар жүргізу мен асыл тұқымды ірі қара мал басын сатып алуға мемлекеттік субсидияларға, төмен мөлшерлемедің несиесі ресурстарына қолжетімділік мүмкіндігі туындайды;

A horizontal row of 30 black diamond shapes, each with a white outline, arranged in a single line.

қауымдастықтарына (одақтарына) бірігу мүмкіндігі бар.

«Өндірістік кооперативтер туралы» ҚР Заңы (05.10.1995 ж.) [5]	«Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» ҚР Заңы (29.10.2015 ж.) [6]
Фирмалық атауы:	
«Өндірістік кооператив». Кооператив - коммерциялық ұйым.	Фирмалық атауы «Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» немесе аббревиатурасы «АӨК». Кооператив - коммерциялық ұйым.
Жарғылық капитал:	
Мүшелерінің мүлік (пай) жарналарының, өз қызметінен алынатын табыстар есебінен қалыптасады.	Мүшелерінің мүлік (пай), кіру (5 АЕК), қосымша жарналарының, өз қызметінен алынатын табыстар есебінен қалыптасады.
Құрылтайшылық тәртібі:	
Құрылтайшылары - тек жеке тұлғалар.	Құрылтайшылары - жеке және заңды тұлғалар.
Құрылтайшылар саны 2-ден кем болмауы тиіс.	Құрылтайшылар саны 3-тен кем болмауы, қауымдасқан мүшелерінің саны жалпы мүшелер санының 1/5 бөлігінен аспауы тиіс.
Жеке тұлғалар мүшелікке 16 ж. бастап құқылы.	Жеке тұлғалар мүшелікке 18 ж. бастап құқылы.
Мүшелері кооперативтің өндірістік және өзге де шаруашылық қызметіне қатысуға міндетті.	Мүшелері, қауымдасқан мүшелері кооператив қызметіне қатысуға міндетті емес.
Мүшелері басқа кооперативтерге мүше бола алмайды.	Мүшелері бірнеше ауылшаруашылық кооперативтеріне мүше бола алады.
Мүліктік жауапкершілігі:	
Мүшелері кооператив міндеттемелеріне қосымша (субсидарлы) жауапкершілікте болады.	Мүшелері кооператив міндеттемелеріне жауап бермейді, жарғылық қордағы мүлік жарналарының құны шегінде залалдар тәуекелін көтереді.
Субсидарлы жауапкершілігінің шегі мүшелерінің жарғылық қордағы үлесіне тәуелді болады.	Кооператив өз міндеттемелері бойынша меншігіндегі барлық мүлкімен жауап береді.
Кооперативтің негізгі қызмет түрлері:	
Ауылшаруашылық өнімін өңдеу, өткізу, сақтау, өндірісті материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау.	Өндірістік кооперативтің қызмет түрлерінен басқа кооператив мүшелеріне, қауымдасқан мүшелеріне қосымша сервистік қызмет түрлерін көрсету.
Кооператив табысын бөлу:	
Кооперативтің жылдық таза табысы Кооперативтің жылдық таза табысын кооператив кооператив мүшелеріне олардың еңбекке мүшелеріне бөлу оның Жарғысына сәйкес қосқан үлесіне сәйкес бөлінеді.	мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

орта шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперациясына тарту. Аталған бағдарламада ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктірудің артықшылықтары; кооперативтерді ұйымдастыру кезеңдері; әр өңірдің өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігі; түсіндіру жұмысы, құрылған кооперативтерге қаржылық, ұйымдастырушылық, насихаттау, консультациялық.

ақпараттық көмек көрсету тетіктері; ауыл шаруашылығы кооперативтері және олардың тиімділігі туралы дұрыс ақпарат алу мақсатында ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуын статистикалық қадағалау жүйесіне енгізу мәселелері жан-жақты сараланып, жоспарланған.

Қорыта келгенде, отандық және шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, болашақта төмендегідей іс-шаралар ұсынылады:

1) жеке тұлғалардың ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мүшелігіне ерікті кіруін алдымен олардың жанұялық кәсіпкерлігін заңдастыру арқылы (кәсіпкерлігін жеке кәсіпкер, қожалық, шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеу) жүзеге асыру;

2) мал ұстамайтын жанұялардың жас малды кооперативтен қысқа мерзімге (2-3 жылға) жалға алып, жанұялық немесе жеке кәсіпкерлікпен айналысуын және келісім-шарт негізінде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдасқан мүшелігінде болуын жүзеге асыру;

3) ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүт қабылдау пункттерін ашуды ынталандыру;

4) тауарлы-сүт фермасын бірнеше жанұяға жалға беру тәжірибесін қалыптастыру.

Дегенмен, кооперативтерге бірігу фермерлер жұмысының міндетті түрде табысты болуын кепілдендірмейді. Кооператив жұмысының нәтижесі ауыл шаруашылығындағы басқа кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі секілді табиғи-климаттық жағдайға, ауылшаруашылық өнімдері мен материалдық ресурстардың бағасына, мемлекеттік қолдау шаралары және т.б. өндірістік, нарықтық факторларға тәуелді. Алайда, басқа артықшылықтарды есепке алмағанда, өнімнің ірі партияларын қалыптастыру есебінен кооператив мүшелерінің шикізатты қайта өңдеу мен өткізуге дейінгі тасымалдау шығындарының кемуі, өндірген өнімді делдалдарсыз, тікелей қайта өңдеуге, сауда желісіне тұрақты өткізу мүмкіндігіне қол жеткізуінің өзі үлкен жеңіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы. 2011-2015: Статистикалық жинақ / Бас редактор:

Н.С. Айдапкелов. – Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті, 2016. – 148 б.

2 Акимбекова Г.У., Аюлов А.М., Егизбаева Г.К. Кооперирование малых форм хозяйствования в АПК Республики Казахстан // Проблемы агрорынка. – 2015. – №2. – С.79-85.

3 Акимбекова Г.К., Акимбекова Ш.У., Каскабаев У.Р., Егизбаева Г.К. Основные положения нового Закона Республики Казахстан «О сельскохозяйственных кооперативах» // Научное обозрение: теория и практика. – 2016. – №3. – С.201-209.

4 Молдашев А.Б. АПК Казахстана: проблемы развития и поиск их решения // Проблемы агрорынка. – 2016. – №3. – С.7-13.

5 Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Өндірістік кооперативтер туралы: 1995 жылғы 5 қазандағы №2486 Заңы

6 Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы: 2015 жылғы 29 қазандағы №372-V Заңы

Pajdalanylran әdebiетter tizimi

1 Қазақстан Respublikasyndary ауыл, орман және балық шаруашылығы. 2011-2015: Statistikalyq zhinaq / Bas redaktor: N.S. Ajdapkelov. – Astana: Қазақстан Res-publikasy Ұлттық jekonomika ministrigi Statistika komiteti, 2016. – 148 б.

2 Akimbekova G.U., Ajulov A.M., Egizbaeva G.K. Kooperirovanie malyh form hozjajstvovaniya v APK Respubliki Kazahstan // Problemy agrorynka. – 2015. – №2. – S. 79-85.

3 Akimbekova G.K., Akimbekova Sh.U., Kaskabaev U.R., Egizbaeva G.K. Osnovnye polozheniya novogo Zakona Respubliki Kazahstan «O sel'skhozjajstvennyh kooperativah» // Nauchnoe obozrenie: teorija i praktika. – 2016. – №3. – S.201-209.

4 Moldashev A.B. APK Kazahstana: problemy razvitiya i poisk ih resheniya // Problemy agrorynka. – 2016. – №3. – S.7-13.

5 Қазақстан Respublikasy. ҚР Заңы. Өндірістік кооперативтер туралы: 1995 жылғы 5 қазандағы №2486 Заңы

6 Қазақстан Respublikasy. ҚР Заңы. Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы: 2015 жылғы 29 қазандағы №372-V Заңы

